



Кеңес

Жаңа Конституция – жарқын болашақ кепілі

Жаңа Конституция жобасын кеңінен насихаттау және оның негізгі бағыттарын түсіндіру мақсатында ауданда ақпараттық-түсіндіру жөніндегі штабтың жұмыс жоспары аясында кезекті кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб мүшесі Айқын Жақсылықова аудандық аналар кеңесі мен Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді мүшелеріне, жастар қауымына ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің мазмұнын мен маңызын жан-жақты түсіндірді.

– Жаңа Конституция жобасының ең басты өзегі азаматтардың игілігі, елдің тұрақты дамуына негізделуінде болып отыр. Мұнда адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің ең жоғары басымдығы ретінде айқын белгіленді. Бұл Ата Заңның тағдыры тек заңгерлер мен саясаткерлердің емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі деп түсінуіміз керек. Әсіресе мәдениет пен өнер саласының өкілдері үшін бұл құжаттың мәні тереңде жатыр. Алдағы референдум – кезекті саяси науқан емес, болашағымыздың басты құқықтық кепілі. Оның сәтімен өтуі баршамаызға тікелей байланысты. Сондықтан баршаңызды жаңа Конституция жобасын қолдауға шақырамын. Алдағы референдум ел дамуының маңызды кезеңі екені белгілі. Азаматтардың саналы таңдауы құқықтық жүйенің нығаюына және мемлекеттік институттарға деген сенімнің артуына тікелей әсер ететіні сөзсіз, – деді Айқын Жақсылықова.

Кездесуде жаңа Конституция жобасында көзделген нормалардың қоғам өміріндегі рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту, әлеуметтік салалардың сапалы дамуына серпін беретін бастамалар кеңінен талқыланды. Сонымен қатар жиында ақпараттық-түсіндіру жөніндегі штаб мүшелері Дина Мирман, Күлдаш Тоқпанбетова және Әсел Балмырзаева қатысып, өз ой-пікірлерін білдірді. Олар қатысушылармен ашық форматта пікір алмасты.

Азаматтық қоғам өкілдері ұсынылған өзгерістердің ел дамуының жаңа кезеңіне сай келетінін атап өтіп, қоғамдық



институттардың белсенді араласуы реформалардың тиімді жүзеге асуына оң ықпал ететінін жеткізді.

– Елімізде Президент бастамасымен барлық салада көшенді жаңғыртулар жүзеге асырылуда. Конституциялық реформа сол іргелі өзгерістердің заңды әрі дәйекті жалғасы екені айтпаса да түсінікті. Мемлекет басшысының Жарлығымен жаңа Конституция жобасы республикалық референдумға шығарылды. Енді 15 наурызда азаматтар өз таңдауын жасайды деген сөз. Бұл елдің саяси жүйесін демократияландыру жолындағы маңызды қадам болмақ. Өйткені жаңа Ата Заңда мемлекеттілікті нығайтуға, Тәуелсіздікті күшейтуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға баса мән берілген. Конституциялық реформа «Заң мен Тәртіп» қағидатына, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға және орнықты даму бағдарына негізделіп отыр. Жаңа Конституция жобасы «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асырудың құқықтық негізін қалайды. Құжатта елдің зияткерлік әлеуетін дамытуға және халықтың бірлігін нығайтуға берік

кепіл болатын басымдықтар қамтылған. Бұл жаңа Ата Заңның адамға бағдарлануы, мазмұнының айқындығын және қоғамды ұйыстырушы рөлін анық көрсетеді. Жаңа Конституция жобасы өткеннің инерциясынан саналы түрде арылып, заманауи мемлекеттік модельге көшуге жол ашады. Ата Заңдағы тұжырымдамалық өзгерістердің бірі адам құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде бекіту екені сөзсіз. Жаңа Конституцияда дәл осы қағида мемлекеттік құрылым жүйесінің іргетасына айналмақ. Бұл – «Әділетті Қазақстан» идеясын декларация деңгейінде емес, нақты конституциялық нормалар арқылы жүзеге асырудың тиімді тегі. Жаңа Конституция жобасын тарихи құжат деп атауға болады. Бұл шешім қоғамдық келісімнің жаңа үлгісіне көшу және ішкі сұраныстар мен сыртқы сын-қатерлерге берілген жауап болды. Жаңа реформа алдағы жылдарда Қазақстанның тұрақты, қауіпсіз әрі серпінді дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік және саяси құрылымды қалыптастыруға негіз болады. Бұл қадам қазіргі және келешектегі сын-қатерлерді еңсере алатын

тиімді жүйе құруға жол ашады. Қазір Егемендікті күшейтуге, Тәуелсіздікті нығайтуға, еліміздің қуатты дамуына жағдай жасауға және азаматтардың әл-ауқатын жақсартуға баса мән беру керек. Бұл Қазақстан әлемдік экономика мен саясатта лайықты орнын иелене алатынына нақты кепіл болмақ, – деді Дина Мирман.

Басқосуда Айқын Жақсылықова Конституция тек құқықтық шеңберді ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің дамуының құндылықтық мағынасын да айқындап, қоғам мен билік үшін жалпы бағдарларды қалыптастыратынын, азамат пен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың негізгі қағидасы ретінде әділеттілік, яғни сыйластық, теңдік және жауапкершілік қамтылатынын атап өтті. Сондай-ақ ол қоғам өкілдерінің белсенділігі мен кері байланысы реформалардың сапалы іске асуына негіз болатынын айтып, алдағы 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумда белсенділік танытып, ел болашағы үшін маңызды шешім қабылдауға атсалысуға шақырды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Заң мен тәртіп

Ауданда «Алкогольсіз ауыл» көбейді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясындағы «Алкогольсіз ауыл» жобасының маңызы зор. Аталған жоба республика бойынша іске асып жатқаны белгілі. Көп қылмыстың бастауында тұрған зиянды ішімдіктен бас тартқан ауылдар әр өңірде де жетерлік. Ресми деректерде Жамбыл, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарындағы бірнеше елді мекен ішімдіктен бас тартқан.

Бұған дейін өзіміздің Қызылорда облысында 20-ға жуық ауыл салауатты өмір салтын ұстанатын елді мекендер қатарына енген болатын. Олардың кейбіреуінде кейінгі үш жылда мүлде қылмыс тіркелмеппі. Бұл – ауыл тұрғындарының қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген ортақ мүддесі.

Қазір біздің ауданда ішімдікке мүлдем тыйым салған ауылдар саны тағы көбеюде. Бұған дейін де «Алкогольсіз ауыл» жобасы кеңінен насихатталды. Жоба біршама елді мекенде сәтті жүзеге асты. Мысалы, былтыр қыркүйек айында Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен және жергілікті қауымдастықтың белсенді қолдауымен Таң ауылы ресми түрде ішімдіксіз ауыл мәртебесіне ие болды.

Бұл бастама аясында ауыл кәсіпкерлері өз еріктерімен алкоголь өнімдерін сату лицензияларынан бас тартып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосқан болатын. Сондай-ақ мұндай игі қадам бұған дейін ауыл ақсақалдары, ел ағалары және жастардың ықпалымен Еңбек және Аламекек ауылдарында жүзеге асты. Сауда дүкендерінде спирттік ішімдіктер сатылмайтын болды.

– Иә, өткен жылы елді мекендерді аралау барысында жергілікті ауылдық тұрғындарына «Алкогольсіз ауыл» жобасына үн қосуды ұсындық. Жергілікті әкімдік пен тұрғындар арасында сауалнама жұмыстарын жүргізіп, халықтың 99 пайызы қолдап, нәтижесінде жергілікті кәсіпкерлер алкоголь өнімін сатуға арналған лицензияларын өз еріктерімен мемлекетке өткізді. Осыған дейін Жа-



лағаш ауданына қарасты Жаңаталап, Аламекек, Темірбек Жүргенов, Мырзабай ахун, Еңбек және Таң ауылы алкогольден толықтай бас тартты. Бұл қалған ауылдарға үлкен серпін берді. Ауыл тұрғындары мұндай игі бастамадан қалыс қалмай, елдік шараны барынша қолдап отыр, – дейді Жалағаш ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Талғат Бектұрсынов.

Прокурордың сөзінше, қаңтар айының 20-сы күні аудан прокуратурасының бастамасы арқылы аудан әкімдігімен бірлескен «Жалағаш – заңға бағынған, тәртіпке негізделген аудан» жобасы бекітілген. Бұл жергілікті уәкілетті органдар ықпалымен орындалуда.

– «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен құқық бұзушылықтардың, оның ішінде алкогольдік масан күлде жасалатын қылмыстардың алдын алуға уәкілетті органдар бірлесіп, ауыл тұрғындары арасында алкогольден бас тарту жөнінде сауалнама жүргізді. Мұның мақсаты – қоғамдық тәртіпті нығайту, тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу. Сауалнама нәтижесінде 10 ақпан күні 3 ауылдық округ «Алкогольсіз ауыл» ретінде жарияланды. Енді қазір Жалағаш ауданына қарасты 9 ауылдық округ, атап айтсақ, Мерелі Шәменов, Аққұм, Ақсу,

Еңбек, Есет батыр, Таң, Мырзабай ахун, Темірбек Жүргенов және Жаңаталап елді мекендері алкогольден толық бас тартты, – дейді аудан прокуроры.

Бұл бастама қалған 5 ауылдық округке оң серпін беріп, аудан көлемінде құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Сондай-ақ әр ауылда өткен кездесуде аудан әкімінің орынбасары Ә.Дермағамбетов, аудан прокуроры Т.Бектұрсынов, аудандық полиция бөлімінің бастығы М.Баймағанбетов және құқық қорғау саласының мамандары жеке кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындарына «Алкогольсіз ауыл» жобасының құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған тиімді әрі оң бастама екенін атап өтіп, оған қолдау білдірген ауыл тұрғындарына, арақ сататын лицензияларын өз еріктерімен өткізген кәсіпкерлерге алғыс білдіріп отыр.

Мұндағы ұстаным – отбасылық береке мен тыныштықты нығайту. Қазір осы ауылдардағы мектеп, мешіт және мәдениет үйлерінде алкоголь зияны жайлы жиі айтылып, мазмұнды кездесулер ұйымдастырылып жүр. Сондай-ақ ел ішіндегі той-мерекелерді спирттік ішімдіксіз өткізуді де дәстүрге айналуына жеткізген кәсіпкерлерге алғыс білдіріп отыр.

Ержан ҚОЖАС

Пікір

Елімізде осыған дейін Ата Заңға реформа енгізілетіні айтылды. Тіпті оның соңғы жобасы да ресми БАҚ құралдарында жарияланды. Жалпы «Осындай үлкен өзгерістің алдағы ел болашағына оң әсері қандай?» деген сауал туындайтыны сөзсіз. Шындығында, бұл конституциялық реформаның елдің жарқын болашағына, азаматтардың құқықтарын қорғауға, елімізде «Заң мен Тәртіп» қағидатын қалыптастыруға ықпалы зор. Мен мұны өзім оның соңғы нұсқасын толық оқып, зерделеп, көз жеткізгесін айтып отырмын.

Тұрақты болашаққа тура жол



Жаңа Конституцияны қабылдау үдерісіне қоғам белсенді түрде қатысты. Бұл сөзімізге осыған дейін үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар және қарапайым азаматтар өз ұсыныстарын білдіріп, пікірлерін ортаға салуы дәлел. Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда халыққа үндеу жасап, саяси және парламенттік реформаларды жүзеге асыру қажеттігін қаперге салған. Соның аясында осыған дейін реформаларды әзірлеу жұмыстары жүргізілді. Конституциялық комиссия отырыстары ашық форматта өтіп, азаматтардың жолдаған ұсыныс-пікірі тыңдалды. Нәтижесінде Мемлекет басшысы тиісті Жарлыққа қол қойды. Енді быыл 15 наурызда референдум өтеді. Референдумда жаңа Конституцияны қабылдау мәселесі халықтың талқылауына ұсынылады. Бұл – жай ғана саяси науқанның бірі емес, елдің жарқын болашағына жасалған нақты қадам, біз осыны түсінуіміз керек.

Иә, Ата Заңы мықты елдің – тұғыры берік, Туы биік. Замам өзгерер, онымен бірге қоғам да, құндылықтар да жаңғырар. Бірақ мемлекеттің шынайы қуаты – оның мәңгілік құндылықтарында. Референдумға ұсынылып отырған Конституция жобасы Егемендік пен Тәуелсіздікті, аумақтық тұтастық пен мемлекеттік шекараның мызғымастығын ең жоғары құндылық ретінде нақты бекітеді. Жаңа құжатта елдің терең тарихи тамырына да айрықша мән берілген. Жаңа Ата Заң жобасында мыңжылдық тарихымыз алғаш рет мызғымас ұлттық құндылық ретінде танылып отыр.

Қазақ – айбыны асқақ мемлекеттің заңды мұрагері. Ұланғайыр Ұлы Дала – көшпелілер өркениетінің алтын бесігі. Адамды ардақтаған, адами қасиетті қадірлеген Ұлы Далада демократияның терең тамыры қалыптасқан. Осы берік дәстүрдің заңды жалғасындай жаңа заң жобасында адам құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық деп жарияланды.

Шындығында, «Әділетті Қазақстан» идеясының өзегі де осы қағидаттармен тікелей байланысты. Әділеттілік, заң мен тәртіп, табиғатты қорғау – ел дамуының өзегі, мемлекеттіліктің тірегі. Бүгінгі алмағайым заманда сын-қатерден сүрінбей өтетін жалғыз жол – интеллектуалды, озық ойлы ұлт болу. Сондықтан мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны заңмен бекіту – тарих алдындағы парызымыз, болашақ алдындағы борышымыз. Сондықтан алдағы референдумның жеке адамдар үшін ғана емес, жалпы еліміз үшін маңызы жоғары.

Шындығында, конституциялық реформаны тұрақты болашаққа тура жол деп түсінуіміз керек. Жаңа Конституция жобасы құқықтық нормаларды түзетумен шектелмейді. Бұл – елдің басқару философиясын, қоғамдық келісім мен жауапкершілік тетіктерін қайта құратын іргелі құжат.

Иә, референдум өткізу – халық пікірін бекітудегі шешуші кезең. Біз оның өтуін толық қолдаймыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді одан әрі демократияландыру ісін айқындап келеді. Президент плюрализмді дамытуға ықпал етуді өз міндеті санайтынын айтқан еді. Бұл саяси ұстаным бүгінге дейін дәйекті түрде жүзеге асырылып келеді. Еліміздегі саяси жүйені жетілдірудің салмақты әрі эволюциялық жолы нақты нәтиже беріп отыр. Бұл құжатта биліктің халық алдындағы жауапкершілігі айқын көрініс тауып отыр.

Саяси даму мен экономикалық серпін тұрақтылықпен тікелей байланысты. Ал геосаяси тұрақсыздық жағдайында мұндай конституциялық негіз ерекше маңызға ие. Жаңа құжатта Қазақстан Ұлы Дала өркениетінің мұрагері екені алғаш рет белгіленіп отыр. Жаңа Конституция жобасы ескеңең ұрпақтың саяси мүддесі тұрғысынан жазылған.

Ата Заң – біздің беріктігіміздің кепілі. Ал оған жасалған реформа елдің жарқын болашағына нақты қадам екені сөзсіз. Міне, алдағы референдумның ерекше маңызы ие екені осыдан-ақ белгілі.

Рамазан ӘЙТІМОВ,
№124 орта мектеп директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

2 ТАНЫМ

М.Мақатаев – 95 жыл

Ақын шығармаларына терең бойлады

Өткен аптада қазақ поэзиясының заңғар тұлғасы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Руханият» орталығында «Соғады жүрек...» атты әдеби сазды көш өтті. Шарада ақынның өлеңмен өрілген отты жырлары, сөзие жазылған әуезді өндері жанды дауыста орындалды.

Мұқағали поэзиясы қашанда қарапайымдылығымен күдіретті. Оның жырларынан өмірдің өз үні, адамның ішкі арпалысы, сағыныш пен сенім, мұң мен үміт қатар өріліп жатады. Ақын жырларындағы туған жерге деген шексіз махаббат, анаға деген перзенттік сағыныш, адамгершілік пен адалдық тақырыптары бүгінгі ұрпақ үшін де өзектілігін жойған емес. Сондықтан әдеби көште оқылған әр өлең тыңдарман жүрегінен орын тауып, рухани жаңғырудың бір көрінісіне айналды.

Ол аз ғана ғұмырында қазақ әдебиетіне өлмес мұра қалдырды. Мұқағали поэзиясы жасандылықтан ада, табиғи болмысымен құнды. Ол адамның жан дүниесін дәл басып, сезімді сөлт еткізер сөз таба білді. Жас пен кішіні бір ортаға жинаған қарапайым поэзия. Мектеп оқушысының да, ақ жаулық таққан ананың да жүрегінен орын алған. Өйткені Мұқағали жырды жас таңдамайды, уақытпен өлшенбейді. Ол — әр буынның арасын жалғанған алтын көпір, өткеннің арасының бүгінге, бүгіннің үмітін ертеңге аманат еткен асыл сөз.

Кеш бойы сахна төрінде өрілген әрбір көрініс тұтасымен Мұқағали Мақатаев әлеміне арналды. Нәзік өлем. Тұңғық. Бұл жанның жырын сөйлеткен жүректің мұңын өрнектеген рухани кеңістік еді. Ақынның сыршыл поэзиясы сахналық



қойылымдар арқылы жаңғырып, көрерменді бір сәтке сезім иіріміне жетеледі. Әр образ, әр сөз, әр әуен Мұқағали жүрегінің дүрсіліндей әсер қалдырды. Жыр кеші ақын мұрасының уақытпен өлшенбейтін құндылық екенін тағы бір мәрте дәлелдеп, нәзіктік пен тереңдіктің тұңғығына бойлатты.

Шара соңында қатысушылар мен қонақтар кештің жоғары деңгейде өткенін атап өтіп, ақын мұрасының мәңгілік құндылық екенін тағы бір мәрте растады. Мұқағали жырды қазақтың рухымен бірге жасай беретініне сенім білдірді. Расында ақынның соққан жүрегі бүгін де қазақ даласының әр түкпірінде дүрсіл қағып тұр-

ғандай. Оның жырлары барда ұлттың рухы биік, сөзі тірі, жыры мәңгі жасай бермек.

Мұқағали Мақатаев — қазақ поэзиясының мұңлы да мұзбалақ үні. Оның жыр — жүректің тілі, уақыттың тынысы. Ақын өлеңдері арқылы адам жанының ең нәзік пернелері қозғалып, тіршіліктің терең иірімдері ашылады. Бұл кеш тек бір сәттік сахналық көрініс емес, тұтас бір рухани әлемге сапар болды. Мұқағали Мақатаев жырмен сусындаған сахна көрермен жүрегіне сәулге құйып, әркімді өз ішкі әлемімен жүздестірді.

Қазақтың қайсар қаламгері Әбіш Келібайұлы «Өнер — халықтың жаны» деген

еді. Сол жанның лүпілі бұл көште айқын сөзілді. Ал Зейнолла Қабдолов айтқандай, «әдебиет — ардың ісі». Мұқағали мұрасы — сол ардың, сол адалдықтың биік үлгісі. Қанша буын алмасса да, Мұқағали жырды жасай береді. Өйткені ол — халықтың жүрегінен туған, халықпен бірге соққан жыр. Жылдар жылжып, уақыт көруені алға оза да, ақын үні өшпейді. Мұқағали сағыныш болып сыбырлайды, үміт болып үн қатады, сенім болып самғайды. Демек, оның жырды барда — қазақ руханиятының шамшырағы сөнбейді, ақын мұрасы мәңгілік жасай береді.

Гүлжан ЕСЖАН

Ерлік дәріптелген күн

Өткен Жұмада аудан орталығындағы «Тағзым» алаңында Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 37 жыл толуына орай еске алу шарасы өтті. Тағылымды шараға аудан әкімінің орынбасары Әнуарбек Дәрмағанбетов, аудан ардагерлері, ауған соғысының ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен жастар қатысты. Шарада қатысушылар Ауған соғысынан қаза тапқан азаматтардың рухына тағзым етіп, арнайы ескерткіш алдына гүл шоқтарын қойды.



Тағзым алаңы бұл күні өзгеше. Күндегіден қатұлы, күндегіден үнсіз. Себебі тарихтың қатпарында қалған, бірақ халық жадынан өшпеген күн. Уақыттың өзі бір сәт аялдап, боздақтардың рухына бас иген.

Биыл — Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 37 жыл. Бір дәуірдің даулы да, дақпыртты кезеңі. Сұрқия саясаттың салқыны талай тағдырды тәркі етіп, талай жастың жалынын соғыс өртіне шарпыды. Олар тек бұйрыққа бағынды, антқа адал болды.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1978 жылы Ауғанстанда билік ауысып, жаңа үкімет орнаған еді. Ел ішінде қарулы қақтығыстар күшейіп, тұрақсыздық бас-талды. Сол үкіметті қолдау үшін Кеңес одағы әскер жіберу туралы шешім қабылдады. Соғыс негізінен Кеңес одағы қолдаған Ауғанстан үкіметі мен оған қарсы шыққан қарулы топтар — моджахедтер арасында өтті. Моджахедтерге сырттан көмек көрсетілгені де тарихта жазылған. Осылайша Ауғанстан ірі мемлекеттердің саяси текетірес алаңына айналды. 1979 жылдан 1989 жылға дейін, яғни 9 жыл 1 ай 19 күнге созылды. 1988 жылы әскерді

шығару туралы келісім жасалды. 1989 жылдың 15 ақпанында соңғы әскери белгілер Ауғанстаннан толық шығарылды. Осы күн — соғыстың ресми аяқталған күні.

Кеңес әскері елден шыққанымен, Ауғанстандағы ішкі қақтығыстар тоқтаған жоқ. Ал Кеңес одағы үшін бұл соғыс үлкен экономикалық әрі адам шығынына әкелді.

— 1979-1989 жылдары аралығында Ауғанстандағы он жылға созылған соғыс тек аудан халқына ғана емес, Орта Азия мемлекеттеріне де қауіп төндірді. Осында уақытта 393 қазақстандық мүгедек жауынгер Ауғанстандағы соғысқа қатысты, әскери борышын өтеді. Олардың 26-сы елге оралмай із-түссіз кетті. 749 қазақстандық жауынгер Ауғанстан жерінде қаза тапты. 393 қазақстандық мүгедек болып оралды. Ауған жеріндегі соғысқа 821 қызылордалық қатысты, оның 18-і ұрыс даласында қаза тауып, 31 жауынгер мүгедек болып оралды. Расында, Ауған соғысының Қазақстанға әкелген адам шығыны мен зардабы аз болған жоқ. Ал осындай қиын-қыстау кезеңнен, сұралып соғыстан аман қа-

лып, Отанымызға оралып, ортамызда қақпайып жүрген ауған соғысы ардагерлерінің ерлігі, есімдері кейінгі ұрпақ үшін үлгі болып қала бермек, — деді аудан әкімінің орынбасары Ә.Дәрмағанбетов.

Шарада ауған соғысы ардагерлеріне аудан әкімінің алғыс хаты табыс-талып, бейбіт өмір мен қоғамдық тұрақ-тылыққа қосқан үлесі үшін ризашылық білдірді. Ауандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев отты жылдардың қасіретін тізбектеп жатпады. «Ол кезеңді айтудың өзі артық, көрген көзге бәрі белгілі» деген бір ауыз сөз тұтас дәуірдің салмағын өзіндірді. Төраға 1993 жылдары Ауғанстаннан ау-данға көшіріліп келген жұрттың тағдыры-лық кезеңіне де тоқталды. Облыстан келген «орналастыру» тапсырмасының пәрменімен сол кезде көпшілік «лагер» деп атап кеткен аумақта баспана салу ісі қолға алынған уақытты еске салды. Сөз соңында ел бірлігіне үлес қосқан азаматтарға алғысын білдіріп, борышын адал атқарған жерлестерімізге шынайы ризашылық білдірді.

Ұлы Отан соғысының даңқты батыры Бауыржан Момышұлы айтқандай, өзі со-ғыста болмаған, зеңбіректің гүрсілі мен шыққан снаряд дауысын естімеген, сәт сайын болатын ажал қауіпін сезінбеген адам емес, аңызға айналған ақиқатты Ауғанстан жерінде әскер қатарында бо-лып, бес қаруын асынып тау шатқалын-да таң атырған Мұрат Алдамбергеновтің өз аузынан естіді.

— 1979 жыл мамыр айының 7-сі. Әскер қатарына шақырылған жас сарбаз ретінде Украинаның Черкасс облысына қарасты Смела қаласындағы артиллерия полкіне түстім. Түнгі сағат үште дабыл қағылып, әскери бөлім шұғыл түрде қозғалысқа келтірілді. Қапшықтарын толық жарақтармен қамтамасыз етіп, Бела Церковь қаласына жеткізілді. Қақаған қыс. Санап тұрып шамамен 150-ге жуық жауынгер әскери ұшаққа отырғызылып, Озбекстанның Термез қаласына жеткен-де қару-жарақ пен қажетті жабдықтар таратылып, взводтарға бөле бастады. 23 желтоқсан Ауғанстан аумағына кіреті-німізді естіді. Артиллерия полкінің барлау взводында Пәкістан шекарасына жақын Суруби маңында әскери тапсыр-ма орындалды. Таулы аймақта взвод үш күн бойы қоршауда қалды. Күндіз қорғаныста болып, көзге түспес үшін түнде таудың тар соқпағымен қозға-ламыз. Жаралыларды көтеріп, аузына су тамызып, кезектесіп алып жүреміз. Біз көргенді кейінгі ұрпақ көрмесін, — деген оның сөзінің соңын естігенмен ойымыз

әлі сол уақыттар шеңберінде.

От пен оқтың ортасында өткен жас-тық шағын даңққа баламады, ерлік деп беле-жармады. Ауған жеріндегі әр күн осындай қауіп пен қайсарлыққа толы болды. От пен оқтың ортасында шың-далған жауынгерлер бейбіт күннің қадірін жан-тәнімен сезінді. Тарихта бұл соғыс даталармен жазылды. Ал сол даталар-дың арасында осындай ерлікке толы эпизодтар жатыр. Олар — ел жадында сақталуға тиіс шынайы шежіре.

Ауданнан Ауған соғысына 30-дан аса азамат аттанды. Олардың көбі — 17-18 жастағы өрімдей жастар. Кеше ғана мек-теп бітіріп, болашақ жайлы армандап жүрген бозбалалар. Қолына қару алып көрмеген, өмірдің ащы дәмін татып үл-гермеген. Бірақ әскери міндет оларды ерте есейтті.

Әскерге шақырылған сәтте кейбірі соғыс жүріп жатқанын толық ұқпаған да болар. «Борышымды өтеп келемін» де-ген ой ғана. Ал алда — таудың тар соқпа-ғы, шаңға көмілген колонна, түнгі дабыл белгісіз қауіп.

Сол жылдардың ең ауыр көрінісі — бірер сағат бұрын ғана бірге шай ішіп, әзілдесіп отырған жолдасының иығына салып, оқ астынан алып шығу. Жаралы-ның демі үзіліп бара жатқанын сезе тұра, соңғы үмітпен сүйреп алып бару. Жас жі-гіттің жүрегіне мұндай сәт мәңгі өшпес із қалдырады.

Соғыс жастықты аямайды. Ол арман-ды кейінге ысырып, адамды бір күнде есейтеді. Кеше ғана ауылдың алаңсыз баласы болсаң, бүгін қару асынан сар-базсың. Кеше ғана болашақ жайлы қиял болса, бүгін аман қалу ғана мақсат.

Ауданнан аттанған азаматтың әрқай-сысы сондай сынақтан өтті. Бірі оралды бірі оралмады. Бірақ олардың тағдыры бір — жастық шағы соғыс өртімен өрілген бұрын. Бүгін сол бозбалалардың есімі ел жадында. Ауған соғысы жылдары — ерліктің де, екіншінің де кезеңі. Бүгін сол тарихқа тағзым ету — өткенге құрмет, ал бейбіт өмірді сақтау — болашаққа аманат. Ең бастысы, кейінгі ұрпақ соғыс көрмесін. Бейбіт аспан астында өсіп, еркін өмір сүрісін. Тарихтың ең қымбат сабағы — осы.

Дәл сол күні ауданда спорттық ша-ралар ұйымдастырылды. Ұлттық спорт түрлерінде сынга түскен қатысушылар жүлделерді сарапқа салып, өзара мық-тыны анықтады. Жеңімпаздар арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Тағзым

Музыкалық әлемге саяхат

Балалар кітапханасының оқырмандары арасында қазақ өнерінің көрнекті өкілі, композитор Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылығына арналған «Музыкалық әлемге әдеби саяхат» тақырыбында кеш ұйымдастырылды. Шараның басты мұраты — жас оқырманды қазақ әдебиеті мен музыкасының көрнекті тұлғаларымен таныстыру, олардың шығармалары арқылы эстетикалық талғамын арттыру, өнерге деген сүйіспеншілігін ояту. Өйткені нағыз өнер — баланың жан дүниесін байытып, ой көкжиегін кеңейтетін рухани қазына.



Тағылымды көште жас оқырмандар қазақ әдебиеті мен музыкасының көрнекті тұлғаларымен танысты, олардың шы-ғармалары арқылы эстетикалық талғамын арттырып, өнерге деген сүйіспеншілігі оянды.

Рухани көште кітапхана қызметкерлері Кеңес Дүйсекеевтің өнегелі өмір жолы, шығармашылық жетістіктеріне кеңінен тоқталып, қазақ эстрадасы мен жалпы өнеріне қосқан үлесі туралы кеңінен әңгімеледі. Ақынның ел жүрегінен орын алған шығармаларына терең бойлап, танымал өндерінің шығу тарихын тарқатты. Әр туындының астарындағы ой тереңдігі ашыла түсті.

Шарада кітапхана қорындағы ақын шығармаларына ар-налған кітап көрмесі ұйымдастырылып, оқырманға таныс-тырылды. Көрмеге қойылған жинақтар мен естелік басылымдар балалардың қызығушылығын оятты. Көпшілігі кеш соңында ақын кітаптарын оқуға қызығушылық танытты.

Мұндай рухани кездесулер — ұлт мәдениетін жас ұрпақтың санасына сіңірудің тиімді жолы. Өнерді насихаттау арқылы олардың жүрегіне ізгілік пен сұлулыққа деген құштарлық ұялайды. Кеш соңында ұйымдастырушылар жас оқырмандарға алғыс білдіріп, алдағы уақытта да осындай мазмұнды шаралар жалғасын табатынын жеткізді.

Сонымен қатар кеш қонақтары мен жас оқырмандар ақынның шығармаларын мәнерлеп оқып, өндерінен үзінділер тыңдады. Әдебиет пен әуен үйлесім тапқан бұл кеш балаларға рухани әсер сыйлап, олардың өнерге деген қызығушылығын арттырды. Бұл кеш балаларға рухани азық сыйлап қана қоймай, өнерге деген қызығушылығын арттыраң, жүректеріне саз бен сөзге деген құрмет дарытқан тағылымды басқосу болды. Мазмұнды шаралар жалғасын тапса, ұлт өнері ұрпақ жадында жаңғырып, мәдени сабақтастық жалғаса бермек.

Гүлжан ЕСЖАН

Сақтансаң, сақтайды

Мұз кезінде қауіпсіздік қаперде болсын

Қыс мезгілінде өзен-көлдер мен су айдындарының беті қатқанып, мұз әрдайым қауіпсіз бола бермейді. Әсіресе Сырдария өзені сияқты ағынды өзендерде мұздың қалыңдығы біркелкі болмайды. Сондықтан сақтық — басты талап.



Мұзға шығар алдында оның қалыңдығы кемінде 10-15 см болуы керек. Түсің өзгерткен, жарылған, көпіршігі бар мұзға шықпаңыз. Қараңғы уақытта немесе түман кезінде де мұзға шықпау керек. Әсіресе жалғыз бармаңыз, қасыңызда ересек адам болсын, бұл талап балалар үшін міндетті.

Қауіпті белгілерге келсек, су ағып жатқан жерлер, қамыс, шөп өскен тұстар, көпір маңы, жылы су құятын орындар және қар қалың жатқан жер (астында жұқа мұз болуы мүмкін) қауіпті екенін қаперден шығармаңыз.

Мұз ойылып кетсе не істеу керек? Бірінші кезекте дүрбелеңге берілмеңіз, айқайлап көмек шақырыңыз. Қолды мұз жиегіне тіреп, кеудені шығарып, аяқпен итеріліп жатыңыз. Тұрмай ең-бектеп, қауіпсіз жерге қарай жылжыңыз.

Сіз егер осындай төтенше жағдайға куә болсаңыз ешқашан өзіңіз жүгіріп бармаңыз, өйткені мұз тағы да сынуы мүмкін. Сондықтан ұзын зат (таяқ, арқан, шарф) лақтырып, көмек көр-сетіңіз. Сондай-ақ 112 нөміріне хабарласыңыз.

Иә, мұз ойыншық емес, бір ғана қате қадам өмірге қауіп төн-діреді. Әсіресе жасөспірімдер арасында тәуекел ету әдеті бо-лады, бірақ батырлық — қауіпке бас тігу емес, қауіптің алдын алу, осыны ұмытпайық.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі



Жалағаш ауданы аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы хабарлама

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 11 ақпандағы №1170 Жарлығына, «2026 жылдың 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жосарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2026 жылғы 12 ақпандағы №6/10 қаулысына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының құрамын орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Жалағаш ауданының аумақтық референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, №32, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ғимараты
Телефоны: 8(72431) 31-7-19, 8(72431) 31-4-04.
Эл пошта: tic_kzl_zhl@saylau.kz
Комиссия төрағасы - Қалыбаев Шарабан Макутович

Төрағаның орынбасары - Доспанов Танатар Сағаливич
Хатшы - Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы
Комиссия мүшелері - Байымбет Нұрлан Ержанұлы, Бектаева Ақбеле Алимасқызы, Көкжегара Ержас Темірханұлы, Құлумбаева Асия Мырзабековна.

Жалағаш ауданының №128 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №7, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі»коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(72431)31-5-40.
Комиссия төрағасы - Дүйсенбиева Бибиасия Аманқұловна

Төрағаның орынбасары - Есетов Аслан Рашидұлы
Хатшы - Кайырбаева Имматгүлсім Каримовна
Комиссия мүшелері - Бақытбек Мирас Бақытбекұлы, Сағындықова Нұрғұл Жалғасқызы, Қайкиева Жанатұл Үсембайқызы, Мәндібаева Үлкенек Абилтаева.

Жалағаш ауданының №129 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 21-0-71.
Комиссия төрағасы - Сапанов Орныккан Шертаевич

Төрағаның орынбасары - Нурғалиева Айкен Саиддахметовна
Хатшы - Рүстемова Айгерім Қыстаубайқызы
Комиссия мүшелері - Ахметова Айнур Искаковна, Әдішова Гүлзира Төрбекқызы, Елімбаева Шолпан Амангелдіевна, Есназаров Мирамбек Аймағанбетович, Серікбаева Дина Тұрғанбайқызы, Узақбаева Злиха Муратовна.

Жалағаш ауданының №130 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Қазыбек би көшесі №40, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-74.
Комиссия төрағасы - Құрманалиева Анар Медерханқызы
Төрағаның орынбасары - Сатова Қуралай Кенесовна
Хатшы - Онгарбаева Мадина Орынбасаровна
Комиссия мүшелері - Ешбанова Айна Тұрғанқызы, Сағындық Руслан Сағынбайұлы, Смаилов Рахимжан Маратович, Төлегенов Нұртас Төлегенұлы.

Жалағаш ауданының №131 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Мөрәлі Шәменов көшесі №124, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Әл-Фараби атындағы№201 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-3-17
Комиссия төрағасы - Айбусинова Айнур Шингисовна
Төрағаның орынбасары - Сарсенов Алтынбек Балтабайұлы
Хатшы - Байтохаева Жадыра Сарсенказиевна
Комиссия мүшелері - Жанқуанышев Мырзабек Қартқожаұлы, Мырзалиев Әлішер Ғабитұлы, Сағындыков Нұрбек Берікұлы, Ізән Назерке Маратқызы.

Жалағаш ауданының №132 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Шөкер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-30
Комиссия төрағасы- Амандық Нұржан Райсулы
Төрағаның орынбасары- Дүйсенбай Жанар Базартайқызы
Хатшы -Прмағанбетова Манат Узақбаевна
Комиссия мүшелері – Астанақұлова Гүлнәз Асқарқызы, Еділбайұлы Нұрбол, Төлеген Әйгерім Бахытжанқызы, Шауқбаев Сейтхан Науқанбаевич.

Жалағаш ауданының №133 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: М.Шәменов ауылдық округі, М.Шәменов ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №6, М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының "М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31) 37—6—06
Комиссия төрағасы - Досжанов Ерболат Бақытжанұлы
Төрағаның орынбасары - Есетов Көкжебек Сарбасұлы
Хатшы - Ералиева Гүлнар Байдосовна
Комиссия мүшелері – Нағізбекова Гүлнәр Ибраевна , Сейтжанова Тамара Қожамуратовна.

Жалағаш ауданының №134 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Қаракеткен ауылы, Абай Құнанбаев көшесі №26, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№114 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты
Телефоны: 8 (724 31)37 – 4 – 01
Комиссия төрағасы - Наурызбаев Ерболат Сабырович, төрағаның орынбасары- Жанабаева Құлдарай Сарсенбаевна,
Хатшы - Есқалиева Гүлзат Сағынтайқызы .
Комиссия мүшелері -Қаралиев Нұржан Мақсұтұлы, Тұрған Азамат Сәбитұлы.

Жалағаш ауданының №135 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Қаракеткен ауылдық округі, Далдабай ауылы, Далдабай Жалтынов көшесі №49, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№115 жалпы орта білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31)40-4-03
Комисия төрағасы - Рыспанов Қудайберген Абенович
Төрағаның орынбасары - Оразалиев Орынтай Деріпсалиевич
Хатшы - Нысанбай Индира Маратқызы
Комиссия мүшелері – Қарабай Бағлан Арубайұлы, Омаров Қасымхан.

Жалағаш ауданының №136 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Жеңістің 50 жылдығы көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 31 мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Абдулұла Нұрғалиев көшесіндегі үйлер; Аяған Боханов көшесіндегі үйлер; Дауылбай Байниязов көшесіндегі үйлер; Досбол Қуанбаев көшесіндегі үйлер; Жұбатыр Тоқбосинов көшесіндегі үйлер; Махметхан Әбішев көшесіндегі үйлер; Орынбай Сарманов көшесіндегі үйлер; Әмірзақ Тұңғышбаев көшесіндегі үйлер; Прман Жылкелдіев көшесіндегі үйлер; Сауда Орманов көшесіндегі үйлер; Нефтебаза көшесіндегі үйлер; ПМК-9 көшесіндегі үйлер.

№131 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Мөрәлі Шәменов көшесі №124, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Шекарасы: Айымқұл Ізтелеуова көшесінің тақ жағындағы № 55-95, жұп жағындағы № 52-106 үйлер; Алдзберген Бисенов көшесінің тақ жағындағы № 13-39, жұп жағындағы № 18-20 үйлер; Әбішекен Әбжаппаров көшесіндегі үйлер; Байбол Солпеков көшесінің тақ жағындағы № 5-11, жұп жағындағы № 8-12 үйлер; Ілияс Қабылов көшесіндегі үйлер; Исатай Әбілқайров көшесіндегі үйлер; Көкжебай Рахимов көшесіндегі үйлер; Мөрәлі Шәменов көшесінің тақ жағындағы № 95-179, жұп жағындағы № 94-170 үйлер; Нұрылда Әлмағанбетов көшесінің тақ жағындағы № 15-21, жұп жағындағы № 2-10 үйлер; Нығмет Мырзалиев көшесінің тақ жағындағы № 57-85 үйлер, жұп жағындағы № 46-114 үйлер; Нысанбай жырау көшесінің тақ жағындағы № 95-175, жұп жағындағы № 98-186 үйлер; Әмірбай шешен көшесінің тақ жағындағы № 25-51/2, жұп жағындағы № 20-30 үйлер; Сақсайбай Қалыбаев көшесінің тақ жағындағы № 9-87, жұп жағындағы № 2-82 үйлер; Сарсенбай Ахметов көшесіндегі үйлер; Сейтнәби Мұқашев түйік көшесіндегі үйлер; Сырмағамбет Отарбаев көшесінің тақ жағындағы № 31-35, жұп жағындағы № 48-50 үйлер; Темірбек Жүргенов көшесінің тақ жағындағы № 77-173, жұп жағындағы № 104-190 үйлер; Тоғанас батыр көшесінің тақ жағындағы № 27-53, жұп жағындағы № 16-38 үйлер.

№132 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Абай көшесі №61, "Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Шөкер Ермағанбетова атындағы №246 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Орналасқан жері: Таң ауылдық округі, Таң ауылы, Орынбай жырау көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№118 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефон: 8 (724 31) 37-1-45
Комиссия төрағасы - Әбдиев Нұрбек Мұратұлы
Төрағаның орынбасары - Ізбасарұлы Арман Хатшы - Жаңибекова Жанат Амирбековна
Комиссия мүшелері - Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы, Садуова Жамия Нұрылдаевна.

Жалағаш ауданының №138 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Бұқарбай батыр ауылдық округі, Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №21, Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппаратының "Бұқарбай батыр ауылдық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8 (72431)36-2-16
Комиссия төрағасы - Ибраев Дәурен Сәбитұлы
Төрағаның орынбасары - Оразбек Мейірбек Оразбекұлы

Хатшы - Ешмаханова Ақмарал Танкаевна
Комиссия мүшелері Есқалиева Нұржайна Елеусінқызы, Жабғиев Абдысадық Абилкасимович, Жұбанова Шарайна Избасаровна, Садыкова Надежда Мерғалиевна.

Жалағаш ауданының №139 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№116 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (72431)22-0-25
Комиссия төрағасы - Орынбасарова Индира Нағашыбаевна

Төрағаның орынбасары - Боранқұлова Жанар Оразбайқызы
Хатшы - Қалыбай Нұрбала Әбілқайырқызы
Комиссия мүшелері - Бектибаева Гүлнұр Байбековна, Темірхан Нұртуган Мұхамбетжанұлы, Шахиева Айгүл Тыныбековна, Этезова Сауле Абдуллахқызы.

Жалағаш ауданының №140 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Аққыр ауылдық округі, Аққыр ауылы, Нұрылда Таспенов көшесі №4, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№188 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31) 41-3-63
Комиссия төрағасы – Бектұр Мардан Болдзбекұлы
Төрағаның орынбасары - Сисенова Шынарқұл Каипназаровна
Хатшы - Қуттыбаева Майра Келдібековна
Комиссия мүшелері - Қарабалаева Гүлжанат Сәбитқызы, Өтешова Инабат Сағындыққызы.

Жалағаш ауданының №141 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері: Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбіжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№119 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8 (724 31) 41-1-42
Комиссия төрағасы - Абхамиллов Курманғазы Жағипарович
Төрағаның орынбасары - Бегманова Алия Амантаевна
Хатшы - Әбілпатова Жазира Амантайқызы
Комиссия мүшелері - Аптхалова Гүлмира Жұмағалиевна, Сарымбетова Майра Ақзамовна.

Жалағаш ауданының № 142 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мақпалкөл ауылдық округі, Темірбек Жүргенов ауылы, Мақсұт Нұрылдаев көшесі №38, Мақпалкөл ауылдық округ әкімі аппаратының "Темірбек Жүргенов ауылдық

мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8(724 31) 35-1-00
Комиссия төрағасы - Ембергенов Еркін Бұхарбевич

Төрағаның орынбасары - Кызбалаев Молыбек Заркұмович
Хатшы - Байниязов Ғалимбек Кантаевич
Комиссия мүшелері – Исова Гүлнар Абатовна, Қалданова Құлпаш, Қалдығұлов Мұхит Дәуренұлы, Нұрылдаев Улықбек Махсұтович.

Жалағаш ауданының №144 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мәдениет ауылдық округі, Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №11 "А", Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының "Мәдениет ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 35-4-90
Комиссия төрағасы - Жұбатқанов Бағлан Сапабекұлы
Төрағаның орынбасары - Тажмаханов Әнуарбек Раушанбекұлы
Хатшы - Жаңибекова Гүлжан Жетписбаевна
Комиссия мүшелері - Байтақов Нұрсұлтан Молдашбекұлы, Дилдабекова Гулнар Мағлұмовна, Жанаева Гүлжанат Көкейбекқызы, Махмедов Ерхан Қойшығұлұлы.

Жалағаш ауданының №146 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Мырзабай ахун ауылдық округі, Мырзабай ахун ауылы, Әбділда Жүргенбаев көшесі №28, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№122 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(72431) 41-3-25
Комиссия төрағасы - Нұратаева Гаухар Тұрабаевна

Төрағаның орынбасары - Қуаңбаева Гүлстан Орынбекқызы
Хатшы – Маханбет Нұрым Жұмабекұлы
Комиссия мүшелері – Тілеу Салптан Аманжолқызы, Жармаханов Аблахат Жолдасбайұлы.

Жалағаш ауданының №147 учаскелік референдумкомиссиясы

Орналасқан жері - Аққұм ауылдық округі, Аққұм ауылы, Бейбітшілік көшесі №7 "А", Аққұм ауылдық округі әкімі аппаратының "Аққұм ауылдық клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 38-3-88
Комиссия төрағасы - Ибраев Абзал
Төрағаның орынбасары - Кузеков Байғасыр Умиртаевич
Хатшы - Сарсенбаева Айдын Қуанышбаевна
Комиссия мүшелері - Әлібек Нұрлан Ермебайұлы, Ембергенов Болатбек Қожантаевич, Коздыбаева Рая Тұрмахановна, Рысмаханова Гүлдана Бериколовна.

Жалағаш ауданының №149 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Еңбек ауылдық округі, Еңбек ауылы, Төлеген Дәуітбаев көшесі №5, Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының "Ақшошар ауылдық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 33-1-17
Комиссия төрағасы - Бейсенбаев Руслан Асылбекұлы
Төрағаның орынбасары - Жарылқасын Жомарт Талағұлы
Хатшы - Аукенова Маржан Айтмағамбетовна
Комиссия мүшелері - Жылқайдар Ақерке Бексейтқызы, Келбаева Алтынай Әділжанқызы, Қарабай Мақсат Төрбекұлы, Маликова Шолпан Жарымбетовна.

Жалағаш ауданының №151 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Аламесек ауылдық округі, Есет батыр ауылы, Кенесбай Әбішов көшесі №26, Аламесек ауылдық округі әкімі аппаратының

"Есет батыр ауылдық Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8(724 31) 34-3-21
Комиссия төрағасы – Айтимов Абдиқайыр

Төрағаның орынбасары – Қалменова Райкұль

Айтбаевна

Хатшы – Науханбаева Лаззат Абдуллаевна
Комиссия мүшелері - Аманкелді Нұрбек Аманкелдіұлы, Әбдімәлікұлы Наримаң, Ермаханов Нұрғазы Жақсылықұлы, Көкжебаева Ақерке Нұрсұлтанқызы.

Жалағаш ауданының №152 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жаңадария ауылдық округі, Жаңадария ауылы, Достық көшесі №20, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "№203 орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 42-3-46
Комиссия төрағасы - Жанашова Элеонора Ыбашовна

Төрағаның орынбасары - Пирназарова Бекзат Ганиевна
Хатшы - Жуматаева Айкерим Алиаскаровна
Комиссия мүшелері – Айжанова Айсұлу Айнадиновна , Ерінбаева Эльмира Наржітқызы, Пиранов Жанабек Зейнуллаевич, Пирназаров Жумағали Ганиевич.

Жалағаш ауданының №153 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Айымқұл Ізтелеуова көшесі №18, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің "Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.
Телефоны: 8(724 31) 32-5-86
Комиссия төрағасы - Мыханова Айнур Саниековна

Төрағаның орынбасары - Төралиев Фафур Әскербекұлы

Хатшы - Омаров Берікбол Сәбитұлы
Комиссия мүшелері - Буритбаев Ермек Алпысбаевич, Жарасбаева Айгүл Керейбаевна, КанатбаеваГүлжамал Қартанбаевна, Турсынбаева Мадина Бақытбековна.

Жалағаш ауданының №377 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Нефтебаза көшесі №1 "А", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының полиция департаменті «Жалағаш ауданының полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесінің уақытша ұстау изоляторының ғимараты.
Комиссия төрағасы - Ермаханов Галымбек Кырбаевич

Төрағаның орынбасары - Жанашев Ғалым Ерболұлы

Хатшы - Құлумбаев Гани Нұрханович
Комиссия мүшелері - Ахылов Нұрғиса Сұлтанбекұлы, Әбілқасымов Олжас Әбтықалықұлы.

Жалағаш ауданының №378 учаскелік референдум комиссиясы

Орналасқан жері - Жалағаш кенті, Нығмет Мырзалиев көшесі №73, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Жалағаш аудандық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының ғимараты.

Телефоны: 8(724 31) 21-6-53
Комиссия төрағасы - Құттымбетова Эльмира Мergenбайқызы
Төрағаның орынбасары - Маханбетова Аманқұл Утегеновна
Хатшы - Төбетбаева Әсел Шоманқызы
Комиссия мүшелері - Баймаханова Ирина Умирзаковна, Мәделханова Гүлмира Онайбековна.

Аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының жұмыс уақыты: 09.00-13.00, 13.00-15.00-түскі үзіліс, 15.00-19.00

Жалағаш ауданының аумақтық референдум комиссиясы

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдум учаскелерінің шекаралары туралы хабар

«2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2026 жылғы 12 ақпандағы №6/10 қаулысына сәйкес Жалағаш ауданының аумағында орналасқан референдум учаскелерінің шекаралары туралы хабарлаймыз.

№128 учаске
Орналасқан жері: Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі № 7, "Жалағаш ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің "Қонысбек Қазантаев атындағы Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ғимараты.
Шекарасы: Абай көшесінің тақ жағындағы № 1-59, жұп жағындағы №2-58 үйлер;
Әйтеке би көшесінің тақ жағындағы № 13-55, жұп жағындағы № 12-44 үйлер;
Аманкелді Иманов көш

Нәтиже

Қысқы Олимпиада: 32 жылдан кейінгі жеңіс

6-22 ақпан аралығында ұйымдастырылып отырған XXV қысқы Олимпиада ойындары қысқы спорт түрлерінің барлығын дерлік қамтып, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған үздіктерді бір арнаға тоғыстырды. Биылғы дүбірлі дода тарихта алғаш рет қос қала Милан мен Кортина-д Ампеццо төрінде өтуде.

17 күн өтетін айтулы жарысқа әлемнің 93 мемлекетінен 3 500-ден астам спортшы қатысып, 16 спорт түрі бойынша 116 медаль жиынтығын сараңқа салуда. Олимпиаданың басты ерекшеліп, жарыстың бір мезетте қала инфрақұрылымы дамыған Миланда және Альпі тауларының баурайындағы Кортина аймағында ұйымдастырылуы, яғни мұз айдындары мегаполис төрінде өтсе, тау шаңғысы, фристайл, сноуборд секілді бәсекелер табиғаты көркем таулы өңірлерде жалауын желбіретуде. Бұл формат Олимпиада тарихында ерекше модель ретінде бағалануда.

Қысқы Олимпиада алауымен бірге медальдар кестесі де күн сайын жаңарып, тартысты бәсекенің қызғанын аңғартады. Әзірге көш басында – Норвегия. Солтүстік елінің спортшылары 12 алтын, 7 күміс, 7 қола медаль иеленіп, жалпы саны 26 жүлдемен алға шықты. Бұл – шаңғы спорты мен биатлондағы дәстүрлі үстемдіктің жалғасы.

Екінші орынға тұрақтаған Италия құрамасы 8 алтын, 4 күміс, 10 қола, барлығы 22 медальмен жанкүйерлерін қуантты. Қабылдаушы ел ретінде олардың әр жеңісі трибуналардағы қуаныш толқынын еселей түсуде.

Үздік үштікті 5 алтын, 8 күміс, 4 қоламен (жалпы 17 медаль) АҚШ түйіндеп тұр. Ал Нидерланд құрамасы 5 алтын, 5 күміс, 1 қола медальмен төртінші сатыға жайғасқан.

Қазақстан құрамасы әзірге 1 алтын медальмен 17-орында. Ел қоржынына түскен жүлде – ел үмітінің өтеуі, сан жылдық өңбектің жемісі.

Мұз бен қар үстіндегі бәсеке әлі жалғасуда. Кесте өзгеруі мүмкін, алайда бүгінгі нәтижелердің өзі Milano Cortina Олимпиадасының қаншалықты тартысты өтіп жатқанын айқын көрсетеді. Бүгінгі Олимпиада күнтізбесі жанкүйерлерді тағы бір тартысты күнмен табыстырмақ. Қар мен мұз үстіндегі бәсеке бәсеңдеген жоқ, керісінше шешуші сәттерге жақындаған сайын шиеленісе түсуде. Кеше 14:00-де тау шаңғысы спортынан ерлер арасындағы слалом финалы өтті. Бұл – жылдамдық пен дәлдіктің, төуекел мен төзімнің сыналар шағы. Қақпалар арасымен зымыраған әр спортшы үшін бір сәттік қателік жеңісті алыстатып жіберуі мүмкін. Ал сағат 23:00-де шаңғымен трамплиннен секіру бойынша ерлердің суперкомандалық финалы өтті.

Футзал

Аудан жастары ашық турнирде сынға түсті



Жуырда ауданда спортсүйер қауымның басын қосқан әуесқой аяқдоп шеберлері арасында тартысты дода өтті. Жерлесімдіс Нұрлан Алдабергеновты еске алуға арналған футболдан аудандық ашық турнирдің деңгейі де бұл жолы жоғары. Турнирдің өтуіне бастамашы болған Жанболат Қойшыбеков пен демеушілік көрсеткен «Алуа» жарнама орталығы игі істің ұйытқысы болды.



Қазақстанның қысқы Олимпиада тарихы тәуелсіздікпен қатар басталды. 1994 жылдың ақпанында Норвегияның Лиллехаммер қаласында өткен XVII Қысқы Олимпиада ойындары осы тарихи кезеңнің бастауы болды. Иә, дәл сол жылы жас мемлекет әлемдік спорт айдынына өз туымен, өз әнұранымен қадам басты. Тарихи додада Қазақстан 1 алтын, 2 күміс медаль жеңіп алып, алғашқы қадамын сенімді бастады. Алтынды ел қоржынына салған шаңғышы Владимир Смирнов тәуелсіз Қазақстанның қысқы Олимпиададағы тұңғыш чемпионы атанды. Бүгін міне, сол рух қайта оянды. Уақыт алмасқанымен, жеңіс аңсаған жүректің дүрсілі өзгермеген. Мәнерлеп сырғанаушы Михаил Шайдоров қысқы спорттағы 32 жылдан кейінгі тарихи табысты қайталап, ел жадындағы ескі жеңістің жаңғырығын қайта тірілтікендей болды. Мұз үстіне шыққан сәттен бастап Михаил Шайдоров жай спортшы болып қалған жоқ. Ол қалың елдің үнін, домбыраның күмбірін қазақ даласының кең тынысын өзімен бірге ала шықты. Еркін бағдарламада әлемді мойындатқан қазақ өншісі Димаш Кұдайбергенов орындаған композицияны таңдауында терең ишара бар еді. Әлем сахналарын бағындырған Димаштың дауысы талай шекара атаулыны мойындатса, Шайдоровтың мұз үстіндегі қадамы да солай, шектелуді білмеді. Әуен көкке көтерілген сайын оның қимылы да биіктей түсті. Әр айналымы еркіндіктің шеңберіндей, әр секірісі қыранның самғауындай әсер қалдырды.

198,64 ұпай еркін бағдарламада, жалпы 291,58 балл қорытындысында. Бұл – сандар құр есеп емес, жылдар бойы жиналған табандылықтың салмағы. Сол сәтте мұз айдыны жай спорт алаңы емес, өнердің ақ ордасына айналды. Көрермен тек жарыс көрген жоқ, рухтың жаңғырысын сезінді.

Қазақта өнер мен ерлік – егіз ұғым. Шайдоров осы екеуін бір арнаға тоғыстырды. Ән әлемінің қаһарманы шырқатқан әуенді мұз үстінде қимылға айналдырып, ұлттық болмысты әлем алдында жаңа қырынан танытты.Олимпиада төрінде домбыраның көзге көрінбес қылы тербелгендей болды. Шайдоровтың жеңіс уақытқа жазылған қолтаңба іспетті. Ол мұзға із қалдырған жоқ, ел жадында мәңгі сақталатын өрнек салды. Оның жеңісі – әлемдік ақпарат кеңістігін де дүр сілкіндірген құбылысқа айналды. Мұз үстіндегі сол бір сәттен кейін шетелдік беделді басылымдар қазақ жігітінің өнерін жарыса жазып, оның шеберлігіне ерекше назар аударды.

Американың алпауыт басылымы The New York Times оның өнерін анимациялап, әр секірісті секундқа бөліп, әр айналымды көзге көрінетін шындыққа айналдырды. Атлеттің мұз үстінде қанша рет айналғаны, орындаған аксель, эйлер, салхов пен лутц элементтерінің күрделілігі нақты талданып, оның ұпайды қалай жинағаны егжей-тегжейлі баяндалды. Ал көлемді талдау жариялаған BBC Sport мақаласының соңында төрт айналымды секіруді жай техникалық элемент ретінде емес, мәнерлеп сырғанаудың тағдырын

айқындайтын шекара деп бағалап, Шайдоровты «төрттіктің жаңа патшасы» деп атады.

Ол Алматының көпшілік сырғанайтын мұз айдынында алғаш конькиін байлады. Өмірде кейде үлкен тарих кішкентай алаңнан басталады. Үлкен даңқ қарапайым сенімнен туады. Әкесі сенді, қарапайым сенім емес, жүректің түбінен шыққан, баласының маңдайынан жарық іздеген сенім. Қарбалас күндер, ерте басталған жаттығулар, шаршаған кештер, құлаған сәттер. Сол сәттердің бәрінде отбасының алақаны суымай, үміті өшпеді. Қазақ «әке көрген оқ жонар» деген. Асқар таудың саясы болмаса, жас шыбық желге төтеп бере ме? Құлаған сайын сүйеніш болған отбасы, шаршаған сайын дем берген шаңырақ, үнсіз қолдаған ата-ана – осының бәрі бір чемпионның жүрегіне қуат құйғаны рас.

Кеше біз Олимпиадада бар екенімізді дәлелдедік. Бүгін біз бәсекеге қабілетті екенімізді көрсеттік. Қазақ спорты өңді тек қатысушы емес, үміткер емес, жеңіс үшін таласатын күш екенін дәлелдеді. Мұздағы алтын – тек медаль емес, халықаралық спорт кеңістігінде салмағымыздың артқанын көрсеткен нық қадам. Қазақ спорты әлі талай рекордты жаңартып, талай мінберге көтеріледі. Себебі биікке шыққан ел төменге қарамайды. Ол көкжиекке қарайды. Қазақ спорты да дәл сол күйде. Алтын бар. Рух бар. Сенім бар. Демек, алда одан да асқақ белес күтіп тұр.

Гүлжан Есжан

Бәрекелді!

Шымкент қаласының әкімдігінде «Ордабасы» кәсіби футбол клубын жекешелендіру туралы меморандумға қол қойылды. Келісімге қала әкімі Ғабит Сыздықбеков пен «Integra Construction KZ» ЖШС басшысы Шахмұрат Мүтәліп қол қойды. Әкімдік мәліметінше, меморандум Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кәсіби футбол клубтарын жекешелендіру және коммерцияландыру жөніндегі тапсырмасы аясында жүзеге асырылған.

«Ордабасы» жеке меншікке өтті



Құжаттың негізгі бағыттары ретінде материалдық-техникалық базаны жаңарту, жаттығу инфрақұрылымын дамыту, басқару үдерістерін цифрландыру және клубтың коммерциялық тиімділігін арттыру мәселелері аталған. Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков кәсіби спортқа жеке инвестиция тарту футбол инфрақұрылымын дамытуға, жас ойыншыларды даярлауға және қаланың елдегі футбол орталықтарының бірі ретіндегі позициясын нығайтуға жаңа мүмкіндіктер ашатынын атап өтті.

– Бұл маңызды қадам Шымкенттің елдегі жетекші футбол орталықтарының бірі ретіндегі орнын нығайтады. Ол клубты ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті етуге, мүмкіндіктерін кеңейтуге және кәсіби спорттың тұрақты дамуына қосымша ресурстар жұмылдыруға мүмкіндік береді, – деді Ғ. Сыздықбеков.

Өз кезегінде Шахмұрат Мүтәліп компания клубты дамытуды ұзақ мерзімді әрі әлеуметтік маңызы бар жоба ретінде қарастыратынын айтты.

– «Ордабасы» – тарихы бай әрі жанкүйерлері мықты қолдайтын клуб. Біздің алдымызда инфрақұрылымға, жас ойыншыларды даярлауға және бәсекеге қабілетті команда қалыптастыруға баса мен бере отырып, клубтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету міндеті тұр, – деді ол.

Айта кетейік, қызылордалық «Қайсар» футбол клубы 2025 жылдың 30 қазанынан бастап ресми түрде «TAU Group LTD» компаниясының бастышы Исламғали Қозбақовтың жеке басқаруына берілген болатын.

Мерей

Шахматшы Бибісара Асаубаева фристайл-шахматтан өткен көрнекі ойында классикалық шахматтың әлем чемпионы Александра Костенюкті ұтты. Төрт партиядан тұрған кездесу Бибісараның пайдасына 2,5:1,5 есебімен аяқталған.

Әлем чемпионын тізе бүктірді



Германияда өткен фристайл-шахматтан әлем біріншілігі бұл жолы тек ерлер арасында ұйымдастырылған. Ал әйелдер бәсекесі Бибісара Асаубаева мен Александра Костенюк арасындағы арнайы көрнекі ойынның ғана шектелді. Соның өзінде бұл кездесудің салмағы жеңіл болған жоқ.

Ұйымдастырушылар 2027 жылы әйелдер арасында толық форматтағы әлем чемпионатын өткізуді көздеп отыр. Ал Қазақстанның шахматшысы сол турнирге қатысу мүмкіндігін қазірдің өзінде иеленіп отыр.

Ойын нәтижесіне қатысты Бибісара Асаубаева жеңіс әрдайым қуантатынын, ал ол алдағы әлем чемпионатына жол ашса, мәні мүлде бөлек екенін ашық айтты.

Айта кетейік, фристайл-шахматта фигуралар әр партия сайын өзгеше ретпен орналастырылады. Бұл ойыншыларды дайын қалыптан шығарып, олардың ойлау еркіндігін, позициялық сезімталдығы мен тактикалық шеберлігін толық ашуға мәжбүрлейді. Германиядағы жарыс та осы қырымен көрермен назарын аударды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Бас директор Марат АРАЛБАЕВ Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. <i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады. Таралымы 2983 Тапсырыс №271
--	--	--	--	--